

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-
интернат кешені» ММ

Әдістемелік баяндама
«Тарихпәнін оқытуда оқушылардың құзіреттілігін жаңа
технологиялар арқылы дамыту жолдары»

Дайындаған:
«Жалпы білім беру»
бөлімінің оқытушысы
Садвакасова Д.Б.

Павлодар 2024 ж

Әдістемелік баяндама
Дайындаған: Садвакасова Динара Балтабековна
«Жалпы білім беру» бөлімінің оқытушысы

Бөлім отырысында қарастырылды

«16» 10. 2024 ж. № 5 Хаттамасы

Бөлім басшысы Шокенова К.С

қолы *М*

Колледждің әдістемелік кеңесімен
мақұлданды

«4» 03 2025 ж. № 2 Хаттамасы

Әдістемелік кеңес төрағасы
Гатина З.А.

қолы *З.Аніф*

1. Кіріспе

- Баяндама тақырыбы: «Тарих пәнін оқытуда оқушылардың құзіреттілігін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдары»
- Зерттеу өзектілігі
- Тақырыптың мақсаты мен міндеттері

2. Негізгі бөлім

2.1. Құзіреттілік ұғымының теориялық негіздері

- Құзіреттілік дегеніміз не?
- Құзіреттілікті дамытудағы танымдық процестер
- Фалымдардың құзіреттілікке қатысты көзқарастары

2.2. Оқушылардың құзіреттілігін дамытудың жаңа технологиялары

- Жаңа педагогикалық технологиялар (модульдік оқыту, ойын технологиялары, саралап оқыту және т.б.)
- Технологияларды тарих сабактарында қолдану әдістері
- Тәжірибеде қолданылған тиімді әдістер

2.3. Оқушылардың өздік жұмыстары мен шығармашылық ізденісі

- Оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру
- Зерттеу, реферат, жоба, баяндамалар дайындау
- Танымдық белсенділікті арттыру жолдары

3. Қорытынды

- Баяндаманың негізгі түйіндері
- Ұсыныстар мен қорытындылар

Тақырыптың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Тарих пәнін оқыту барысында жаңа технологияларды қолдану арқылы оқушылардың құзыреттілігін арттыру, олардың танымдық қабілеттерін дамыту және белсенді оқыту әдістерін пайдалану.

Міндеттері:

- Құзіреттілік ұғымын теориялық түрғыдан талдау
- Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыруды жаңа технологиялардың рөлін анықтау
- Оқу үрдісінде оқушылардың белсенділігін арттыру әдістерін қарастыру
- Оқушылардың өзіндік жұмыстары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын ұсыну

Өзектілігі:

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістерінің орнына жаңа технологиялар мен инновациялық тәсілдер қолданылуда.

Оқушылардың тек теориялық білім алуды жеткіліксіз, олар өз бетінше ойлай билетін, ақпаратты талдай алатын, шығармашылық түрғыдан ізденетін тұлға ретінде қалыптасуы керек. Сондықтан тарих пәнін оқыту барысында жаңа технологияларды пайдалану – оқушылардың құзіреттілігін дамытудағы маңызды фактор.

Тарихпәнін оқытуда оқушылардың құзіреттілігін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдары

2.1. Құзіреттілік ұғымының теориялық негіздері:

Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқушыларға бүгінгі күні тијанақты білім беру үшін олардың құзіреттілігін дамыту басты мақсат болып отыр. Егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде белсенді, шығармашылық бағыт ұстанып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру ісіне ерекше мән берілуде. Оқушылардың дүниетанымын кеңейтуде, танымдық қабілеттігін арттырып, білім біліктерін, ойлау қабілетін жетілдірудің қоғамдық мәні зор. Бұл проблема психология және педагогика саласындағы ғалымдардың, мамандардың назарын аударып отырған мәселелердің бірі. Ол туралы С.Т.Сабыров, Н.Д.Хмель, Т.И.Шамова, П.И.Педкасистый, А.Е.Әбілқасымова, М.Н.Скаткин, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, Л.С.Выгодский, Д.Б.Эльконинның тағы да басқалардың еңбектерінен көруге болады. Осы еңбектердің құндылығына ғылыми-теориялық, әдістемелік-практикалық жағынан көз жеткізуге болады. «Танымдық қабілеттілік» деген ұғымға анықтама беретін болсақ: «танымдық қабілеттілікі дегеніміз – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының құштарлығы». Танымдық қабілеттілік ойлау жолы арқылы ғана жүзеге асады, оқушының ой-өрісін дамытудың негізгі үрдісі ол - оқыту. Оқыту үрдісіндегі маңызды мәселелердің бірі оқушының саналы оқу әрекетін қалыптастыру және құзіреттілігін арттыру болып есептеледі. Оқу үрдісінде мұғалімнің басшылығымен оқушылардың құзіреттілік процестеріне (жады, зейін, ойлау, қабылдау тағы басқалары) негізделіп жүргізілсе нәтижелі болады. Оқыту таным - үрдісі, өйткені онда ілгері қарай қозғалыс болады, оқушы білмеуден білуге қарай жүріп отырады. [1:56-98]

2.2. Оқушылардың құзіреттілігін дамытудың жаңа технологиялары;

Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Оқытудың нәтижелі болуы оқушылардың жоғары психикалық функциялары: зейін, есте сақтау және ойлаудың дұрыс үйимдастырылуына байланысты. Оқушылардың танымдық қабілеттінің маңыздылығы ерекше. Оқыту үрдісінде есте сақтау мен ойлау әрқашан бірге әрекет жасайды. Бүгінгі күннің ең көкейтесті мәселесі оқушыларды жүйелі және күрделі оқытудың тиімді үлгілерін жасау. Оқушылардың интелектуалды құрлымында негізгі орынды оқыту алатыны белгілі, себебі оқытуда қабылдау, ойлау және есте сақтау сияқты танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейлері құрылады. [2:3-11]

Бүкіл адамзат тарихында педагогика саласы пайда болғаннан бастап, болашақ ұрпақты оқытуда мұғалімдер одан да тиімді оқыту жолдарын іздеді. Мұғалімдердің ең маңызды тапсырмасы ол - сабактарда оқушылардың құзіреттілігін ояту.

Педагогика ғылымының аяқы эксперименттерінің нәтижесіне сүйенсек оқушылардың құзіреттілігінің жоғарылауы сабактың жүргізу әдістемесіне байланысты болады екен. Оқушылардың танымдық қабілеттерін арттырудың тиімді құралдарының бірі – оқушылардың өздік жұмысы мен өздігінен білім алу әрекеті. Оқушының өзіндік әрекетінің нәтижесінде оның бойында мынадай қаситеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздығы
2. Оқуға деген қабілетінің артуы
3. Өз ойының дербестігі
4. Басқа оқушылардың түсіндірмелеріне сын көзбен қарауы.

Оқушылардың өздік жұмыстарына олардың өз еркімен жаңа амал – тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстар жатады. Оған оқушылардың өздігінен шығарма, баяндама, реферат, доклад, көрнекі құралдар жасауды тағы басқаларын жатқызуға болады. Оқушылардың сабак үстінде құзіреттілігін қалыптастырудың басты мақсат – білім берудің түрлі тиімді жолдарын қалыптастырып, оқыту үрдісін нәтижелі ұйымдастыру. Оқушылардың өзіндік әрекеті тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары төңірегінде ғана емес, сондай-ақ зерттеу нысанасы ретінде танылуымен сипатталады.

К.Д.Ушинский танымдық мәселесіне мән беріп, «өз бетінше жұмыс-оқытуды жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы» деп есептейді. Ол мұғалімнің рөлін ескере отырып, оқушының белсенделілігін дамыту мақсатында ұйымдастырылған дербес бақылау мен тәжірибе өткізу, көрнекіліктер дайындау сияқты жұмыстардың маңыздылығына тоқталады. [3:9-10]

«Оқушылардың ой-өрісінің дамуы қоршаган ортага да байланысты болады, мысалы: ақпарат құралдарына», - деп көрсетеді Ю.К.Бабанский. Яғни сабак барысында оқушыларға мұғалім бағыт-бағдар беру керек, сол үрдіс арқылы олардың білім, білік және дағдылары қалыптасады. Л.В.Занковтың зерттеулері көрсеткендегі, оқушылардың шамасы келетін қындық дәрежі жоғары сабактар өткізу олардың ақыл-ойының даму үрдісін тездетеңді. Баланы дамыта отырып оқыту теориясынан негізделген ғалымдар, білімді бағалауда мұғалімнің назары тек теориялық білім деңгейінде ғана болмай, оқушының ойлау әрекетінің барысы мен сапасына да аударылуын, яғни ақыл-ой әрекетін қалыптастырудың жолдарын табуға ұмтылу қажеттігін айтады.

XVII-XIX ғасырдың педагогтары Я.А.Коменский, И.Г. Песталоций, Ж.Ж.Руссо, Д.Дистерверг, К.Д.Ушинский және тағы басқалары оқытушының негізгі жұмысы – оқушыларды өзінше ойлау, зерттеу ізденістеріне бейімдеу деп санаған. Олар дамып келе жатқан оқытудың дидактикасын жасаған. Қазақтың ағартушылары А.Құнанбаев, Ү.Алтынсарин қофамдық қайраткер және педагогтар А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов өздерінің еңбектері мен тәжірибелік әрекеттерінде оқушыларды шығармашылықты дамытуға, ойларын жүйелеуге шақырган. Кеңес әдіскерлері мен психологтары Б.Г.Есипов, Л.С.Выгодский, Л.В.Занков, В.В.Давыдов, М.Н.Скаткин дамып келе

жатқан оқытудың тәжірибесі мен теориясына және оқушылардың танымдық әрекетіне үлкен, зор үлестерін қосты. Оқуға, білуге деген қызуғышылық танымдық қабілеттің қозғаушысы екені белгілі. Л.С.Выгодский ол туралы былай деген: «Ең алдымен баланы бір әрекетке тарту үшін қамқорлық жаса, осыны іске асыру үшін барлық күшін, салатынын және бала өзі қимылдайтынын, ал оқытушы болса тек сол әрекетті басқарып, бағыттап отыруы керек. Оқушылардың құзіреттілігін олардың білім сапасы мен даму деңгейіне байланысты, ойлау әрекетінің қалыптасуына тәуелді». [6:23]

Оқушылардың құзіреттігін дамыту жолында олардың әр пәнге қызығын, өздігінен даму дағдыларын қалыптастыру, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеу - әр мектептің міндегі. Білім мазмұны ақпарат көзі ғана болып қоймай, оқушылардың өздігінен білім алу құралына айналуы керек. Бұл мақсатқа жету жолында пән аралық байланыс, оқушылардың өздік танымдық қабілетін дамытуға арналған дәстүрлі және дәстүрлі емес сабактардың түрін өзгертіп отыру нәтиже беретіні сөзсіз. Педагогикалық ахуалға байланысты оқытудың дара және ұжымдық түрлерін біріктіру, оку құралдарын дұрыс пайдалана білудің де маңызы зор. Оқушылардың құзіреттілігін, ізденімпаздығын арттыру үшін оку үрдісі оларды қанағаттандыратында ұйымдастырылуы қажет. Құзіреттілік әркімге тән, тек оны дамыта білу - әр ұстаздың міндегі. Сондықтан, дайын ақпараттық фактілерді, зандар мен ережелерді беріп қоймай, оқушыларды өз бетінше іздендеретін, алған білімдерін тұжырымдай алатын оку материалдарын беру қажет. [4:13]

2.3. Оқушылардың өздік жұмыстары мен шығармашылық ізденісі;

Дәстүрлі әдістеме орнына жаңа технологиялардың келуі сөз жоқ оку үрдісінің зор тиімділігін арттырады. Оқушылардың оқыту мәселесін жетілдіру жөнінде Н.Д.Хмельдің еңбектерін атап өтуге болады. Оқытудың жаңа технологиясы (инноватика, танымдық қабілетті дамыту, модуль жүйесі, саралап, көп деңгейлік негізде, мультемедия жүйесін қолдану тағы басқа) озат зерттеушілер, жаңашыл педагогтар идеясы жағдайындағы білім берудің қызметіне жаңаша сипат әкелді. Танымдық жаттығулардың барысы мынандай өлшемдермен анықталады:

- интеллектуалдық деңгейі
- оқу іс-әрекеті субъектісінің қалыптасуының мазмұны
- іс-әрекеттің еркінділік деңгейі
- эммоционалды орталық
- жеке әлеуметтік даму деңгейі.

А.С.Мустоякова оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға бағытталған сабактар түрлерін 4-ке бөліп қарастыруды ұсынады:

- Танымдық
- Коммуникативтік
- Шығармашылық
- Әдіснамалық

Тарих пәнінде оқушылардың құзіреттілігін қалыптастыруда сабакты түрлендіріп өткізу дің маңызы ерекше.

Ел өмірінде болып жатқан саяси әлеуметтік өзгерістерге байланысты білім беру саласына қойылатын талаптар да өзгеріп отырады. Мұғалім үнемі білімін молайтып, ізденісін тоқтатпауды керек, онсыз болмайды. Ал бүгінгі таңда, мұғалімнің ең қаситетті міндегі – рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлға қалыптастыру. Қазіргі кезде оқыту үрдісін жоспарлаудың, қолданудың және бағалаудың жүйелі әдісі ретінде жаңа педагогикалық технологиялар түрлері көбее түсуде. В.И.Шепелдің айтуы бойынша: «Технология - өнер, шеберлік, біліктілік, жағдайды зерттеуге бағытталған іс-әрекеттерінің жиынтығы ұғымын білдіреді». Оқушылардың тарих, құқық негіздері пәндері бойынша қосымша материалды мұғалімнен естуі - өздері таңдаған пәнге деген қызығушылығын арттырады. Технология – жеке тұлғаны дамытуға негізделген мақсатты педагогикалық жүйе.

Оқушылардың құзіреттілігін, белсенділігін арттыру үшін – ойын сабактарын ұйымдастыруға болады. Сабак ойын түрінде жүргізілетін болса оқушылардың белсенділігі артады, бір-бірімен бәсекеге түсу арқылы окуға, көп білуге ынтасы өседі. Ол тәрбиеге де, оку ісіне де зор ықпалын тигізеді. «Болашақ қайраткер ең алдымен ойын арқылы тәрбие алады», - деп А.С.Макаренко босқа айтпаған. Ойын арқылы бала адамгершілік қасиеттерді бойына біртіндеп сіңіреді және психологиялық қабілеттері дамиды. Ойын сабактарының артықшылықтары.

Біріншіден, оқушының сабакқа деген ынталығы артады, үнемі түсіндіріп, 45 минуттыңдаған оқушы да, мұғалім де жалығады.

Екіншіден, сабакқа зауқы жоқ, нашар оқытын оқушының өзі де белсене қатысады. Ұялшақ оқушылардан да сабак сұрауға ыңғайлышы.

Үшіншіден, өтілген сабак мазмұны оқушының ойында ұзак сақталады. Бұл мұғалімнің үлкен бір жетістігі.

Тарих пәнінде оқытуда жаңа технологияның мынандай элементтерін пайдалануға болады:

1. И.С.Якиманская әдістемесін:
 - Оқушыға оку-тәрбие үрдісінде құзіреттілігіне еркіндік беру;
 - Оқушының жинақталған тәжірибесін сүйену;
 - Оқушының жеке басының құндылығын мойындау;
 - Өзін-өзі тану, өзіндік айқындарда, өзін көрсете білуі.
2. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдов әдістемесінен:
 - Оқушының танымалдық түрткісін тудыру;
 - Оқушыны зерттеу жұмыстарына бағыттау;
 - Тиімді мәселелерді шеше білуге үйрету.
3. Л.М.Эрдниев әдісі:
 - Ауқымды материалдың негізгісінен және байланысын айыра білу.
4. В.Ф.Шаталов әдістерінен:
 - Материалды ауқымды беру;
 - Тірек конспекті пайдалану;
 - Жеке тұлғаға бағытталған оқыту;

- Жеке оқушыны жауапкершілікке тәрбиелеу.
- 5. В.П.Беспалько әдісі:
- Оқушыларды деңгейлік негізде оқыту.
- 6. Ж.А.Қараев әдісі.
- Эр түрлі деңгейдегі тапсырмалар беру. [5:339-342]

Сонымен, тарих пәнін оқытуда оқушылардың құзыреттілігін жаңа технологиялар арқылы қалай дамытуға болатынын ғылыми педагогикалық әдебиеттерден қарастырдық. Жаңа технологияларды пайдалануда оқушылардың білімдерінің жоғарылауы мынандай критерилер арқылы анықталады. Баяндау дәрежесінен, фактілерді салыстыра алуынан, тарихи оқиғаларға сипаттама бере алуынан, тарихы оқиғаларға өзіндік пікірі болуы, талдау жасай алуынан, себептерін қорытындылауынан, қорытынды жасауынан, терминдерге анықтама бере алуынан. Міне, осындағы сабактар оқушының пәнге деген қызығушылығын оятып, құзыреттілігін қалыптастырады.

Қорытынды

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың құзыреттілігін дамыту үшін жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор екендігі анықталды. Ұғалымдер сабакты заманауи әдістермен түрлендірсе, оқушылардың қызығушылығы артып, белсенділігі күшійеді. Сонымен қатар, оқушылардың өздік жұмыстары мен зерттеу қабілеттерін дамыту – олардың құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі жолдарының бірі

Ұсыныстар:

Сабак барысында оқушылардың белсенділігін арттыратын жаңа технологияларды кеңінен қолдану

Оқушыларға өзіндік зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру
Оку үрдісін қызықты әрі тиімді үйымдастыру үшін ойын элементтері мен интерактивті әдістерді енгізу

Ұғалымдер өз тәжірибелерінде озық педагогикалық технологияларды қолданып, олардың тиімділігін зерттеу

ӘДЕБИЕТ

1. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения// -М., Педагогика, 1986.-239 б.
2. Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы//Алматы.,2001.-28 б.
3. Мустоярова А.С. Қазіргі кезенде жоғары сынып оқушыларының танымдық белсенділігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары//Алматы.,2003.-29 б.
4. Мұқанова Ү. Танымдық қабілет әркімге тән//Қазақстан мектебі.-2003.-№7.-13 б.
5. Бабанский Ю.К. Педагогика//М., Просвещение., 1988.-47 б.
6. Выгодский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте//СПб.,Союз.,1997.-96 б.

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаты» кешені» ММ тарих пәнін оқытушысы Садвакасова Динар Балтабековнаның «Тарих пәнін оқытуда оқушылардың құзыреттілігін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдары» атты әдістемелік баяндамасына

Рецензия

Тақырыптың өзектілігі: Динара Садвакасованың баяндамасы қазіргі заманғы білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің біріне – оқушылардың құзыреттілігін дамытуға арналған. Жұмыста заманауи педагогикалық технологиялардың тарих пәнін оқытудағы орны мен маңыздылығы жан-жақты қарастырылған. Автор ғылыми еңбектерге сүйене отырып, құзыреттілікті дамыту жолдарын теориялық және әдістемелік түрғыдан негіздейді.

Баяндаманың өзектілігі: Қазақстанның білім беру жүйесіндегі жаңартылған білім мазмұнымен тығыз байланысты. Қазіргі кезде оқытудың дәстүрлі әдістерін жаңа технологиялармен толықтыру қажеттілігі артып отыр. Бұл түрғыда автор оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін тиімді әдістерді қарастырып, педагогикалық тәжірибелер мен ғылыми еңбектерге сүйенген.

Баяндаманың құрылымы мен логикасы: Жұмыста құзыреттілік ұғымы жан-жақты қарастырылып, оның оқыту үрдісіндегі рөлі мен маңызы ашып көрсетілген. Автор отандық және шетелдік педагог-ғалымдардың (Л.С. Выготский, Ю.К. Бабанский, В.В. Давыдов, Ж.А. Қараев және т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, теориялық негіздене жасаған.

Баяндаманың құрылымы логикалық түрғыдан дұрыс құрылған. Алдымен оқушылардың құзыреттілігін дамыту мәселесі ғылыми-педагогикалық түрғыдан талданған, содан кейін жаңа технологияларды қолданудың маңызы мен олардың түрлері сипатталған. Автор оқытудың белсенді әдістерін (онын технологиялары, модульдік оқыту, деңгейлік тапсырмалар және т.б.) тиімді қолдану жолдарын көрсеткен.

Ғылыми негізі : Баяндамада ұсынылған әдістемелік ұсыныстар мұғалімдер үшін құнды тәжірибелік құрал бола алады. Әсіресе, оқыту процесінде оқушылардың өзіндік жұмысына, зерттеу дағдыларына және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ерекше назар аудару қажеттігі орынды атап өтілген.

Жеке тәжірибелінің жетіспеуі – жұмыста жалпы ғылыми-педагогикалық түрғыдан құнды материалдар келтірілгенімен, автордың өз тәжірибесінен нақты мысалдар аз берілген.

Жалпы әсер: Егер баяндаманы педагогикалық практикамен толықтырса, материал әлдеқайда мазмұнды болар еді.

Корытынды болімінің нақтылығы – корытынды болімінде негізгі ойларды жинақтап, нақты ұсыныстарды жүйелеп беру қажет

Корытынды: Жалпы, баяндама ғылыми негізделген, құрылымы жүйелі және мазмұны бай еңбек. Ол педагогикалық қауымдастық үшін пайдалы әдістемелік құрал ретінде қызмет ете алады. Дегенмен, баяндаманың тәжірибелік бағытын күшейту үшін нақты сабактардан алынған мысалдар мен оқушылардың жетістіктері туралы мәліметтер қосу ұсынылады.

Рецензия жазған оқытушы : Саратекова К.К.



Педагог- зерттеуші

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені» ММ

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернаты» кешені» ММ мұғалімі, Садвакасова Динар Балтабековнаның «Тарих пәнін оқытуда оқушылардың құзіреттілігін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдары» атты әдістемелік баяндамасына

Рецензия

Әдістемелік баяндаманың өзектілігі: Әдістемелік баяндама тарих пәнін оқытудағы инновациялық тәсілдерге арналған. XXI ғасырда білім беру жүйесі оқушылардың тек білімін арттырып қана қоймай, олардың құзыреттіліктерін (ақпаратты талдау, ой қорыту, зерттеу дағдылары) дамытуға бағытталған. Осы түрғыдан алғанда, баяндама тақырыбы өте өзекті.

Баяндама құрылымы мен мазмұны: Зерттеу құрылымы жүйелі және логикалық түрғыда дұрыс құрылған. Жұмыста келесі аспектілер қарастырылған:

Тарих пәнінде жаңа технологияларды қолданудың маңызы;

Құзыреттілікке бағытталған оқыту әдістері;

Заманауи білім беру технологиялары (интерактивті тақта, онлайн-платформалар, цифрлық ресурстар).

Практикалық мысалдар мен тиімді әдістер: Динара Балтабековна, білім алушылардың білімін дамытуда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлін нақты мысалдармен көрсеткен. Әсіресе, цифрлық ресурстарды пайдалану, тарихи деректермен жұмыс жасау, онлайн-тесттер мен виртуалды экскурсиялар сияқты тәсілдерге баса назар аударылған.

Жаңашылдыры мен тәжірибелік маңызы

Баяндама теориялық қана емес, практикалық маңызға ие. Баяндамада ұсынылған әдістерді мектеп тәжірибесінде тиімді қолдануға болады. Әсіресе, тарих сабактарында мультимедиялық технологиялар мен интерактивті әдістерді қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады және олардың тарихи материалды менгеру деңгейін жақсартады.

Тілдік, стильдік және ғылыми негізділігі: Баяндама ғылыми стильге сай жазылған, тілі түсінікті әрі нақты. Теориялық негіздері сенімді дереккөздерге сүйеніп баяндалған.

Қорытынды: Жалпы, «Тарих пәнін оқытуда оқушылардың құзыреттілігін жаңа технологиялар арқылы дамыту жолдары» атты әдістемелік баяндама мазмұнды, ғылыми негізделген және практикалық маңызы жоғары енбек. Ол тарих пәні мұғалімдеріне оқыту әдістемесін жетілдіруге көмектесетін құнды құрал бола алады.

Рецензия жазған оқытушы : Шокенова К.С.
педагог -сарапшы

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат кешені» ММ